

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты Аязбаева Сәуле Аязбайқызының
«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия
ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ
тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыбына
дайындалған диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты ғылыми-зерттеу жұмысы – қазіргі қазақ тіл білімінің маңызды әрі өзекті саласы – сингармонизм және морфемология бағытында орындалған жаңашыл еңбек.

Зерттеу жұмысы қазақ тілінің фонетика-морфологиялық құрылымын терең талдаумен ерекшеленеді. Ғалым қазақ тіліндегі жұрнақтардың үндесім және үйлесім заңдылықтарын артикуляциялық-перцепциялық тұрғыдан жүйелі саралап, олардың модельдерін ұсынған. Зерттеу нысаны ретінде қазақ тілінің жұрнақ сегменттерін алу – теориялық та, практикалық та маңызға ие. Атап айтқанда, заттекті, сынтекті және әрекеттекті жұрнақтардың дыбыстық құрамының артикуляциялық сипаттары мен үндесім-үйлесім заңдылықтары ғылыми тұрғыда дәлелденіп, түрлі интерактив үлгілермен көрсетілген.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы ретінде автордың үндесім-үйлесім модельдерін теориялық-фонетикалық негізде, заманауи ақпараттық технология мүмкіндіктерімен ұштастыра отырып ұсынуын атауға болады. Бұл – тек тіл ғылымына ғана емес, әдістеме мен педагогика саласына да үлес қосатын тың бастама.

Ғылыми тілдік стиль сақталған, жүйесі мен құрылымы тиянақты. Материалдың мазмұны терең әрі ғылыми дәлелдерге негізделген. Сонымен қатар, қазақ фонетикасының зерттелу кезеңдерін дәуірлік жіктеу арқылы берілген тарихи-фонетикалық шолу да құнды.

Аталған ғылыми жұмыс қазіргі тіл біліміндегі сингармология саласының әлеуетін арттыруға бағытталған және қазақ тілін инновациялық әдіспен оқытуда, сонымен бірге морфемаларды фонетикамен ұштастырып зерттеуде маңыздылығы зор.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда 10 мақала ретінде жарияланды. Оның ішінде Скопус мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 6 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім


министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

Компьютер-инновациялық технологияның көмегімен фонетика-морфологиялық деңгейдегі (қосымшалардың үндесім бөлшектерін) ойтөкті грамматикалық ережелер мен анықтамаларды қағаз бетінен (түс, сызба және құрылымдық көзтаным көрнекілікке қоса қолтаным және естілім түйсінімді қамтамасыз ететін) интерактив тақталардың бетіне көшіру идеясын зерттеудің басты жаңалығы ретінде бағалауға болады.

С.А. Аязбаеваның «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға, ал оның авторы С. Аязбаеваға «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші:


Филология ғылымдарының
докторы, профессор



Түймебаев Ж.Қ.

РАСТАЙМЫН
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадр
даярлау және аттестаттау басқармасының
ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби


«21» 10 2020 г.

